

**ЖШС «LauRus2019» «LauRus» бөбекжайының қамқоршылық кеңесі отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 30.08.2023ж

Өткізілген орны: «LauRus» бөбекжайы

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.Н. Бижанова

Қамқоршылық кеңесі мүшелері: 1. Айшуакова Р.А. - «LauRus» бөбекжайы тәрбиешісі,

2. Тулеугалиева Н.Е. - «LauRus» бөбекжайы музыка жетекшісі,

3.Маликова А.С. - «LauRus» бөбекжайы медбикесі,

4.Тулекова М.А. - «LauRus» бөбекжайы қазақ тілі мұғалімі, кеңес хатшысы.

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжайда қамқоршылық кеңесті ұйымдастыру;
2. Қамқоршылық кеңес туралы ережемен таныстыру;
3. Кеңес төрайымы, мүшелерін сайлау, міндеттерін бөлу.

Жүру барысы:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «LauRus» бөбекжайы меңгерушісі Г.Н. Бижанова сөз алып, Қамқоршылық кеңес дегеніміз қоғам мен бөбекжай арасындағы өзара қарым қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен бөбекжай арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе. Қамқоршылық кеңес қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты балабақшаның мақсат міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру, сондай ақ балабақшаның материалдық базасын нығайту мақсатында қосымша каражат және мүлік ресурстарын тарту болып табылады. Балабақша үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген артықшылықтар береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы балабақша бюджеттен тыс қаржы іздеп қанақоймай балабақша мүддесін түрлі деңгейлерде көтеріп, адамдарды тартады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тегін жасалады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтты.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөбекжай меңгерушісі «Қамқоршылық кеңес туралы ережемен» таныстырды. Қамқоршылық кеңес қоғам мен бөбекжай арасындағы өзара қарым қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен бөбекжай арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе. Қамқоршылық кеңес қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі. Негізгі мақсаты бөбекжай мақсат міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру болып табылатынын айта келіп, ондағы жалпы ереже, Қамқоршылық кеңес құрамы, Қамқоршылық кеңесінің міндеттері, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттері, Қамқоршылық кеңесінің іс қағаздары, Қамқоршылық кеңесінің қағидалары, Қамқоршылық кеңесінің жұмысын тоқтату сияқты сегіз бөліміне жеке жеке тоқталып баяндады.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша бөбекжай меңгерушісі Г.Н. Бижанова сөз алып, Қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшелері, хатшы сайлану керек екендігі туралы айтты. Кеңес төрағасына, мүшелігіне, хатшысына бірауыздан төмендегіше сайланды:

1. Бижанова Г.Н. – «LauRus» бөбекжайы меңгерушісі, кеңес төрағасы;
2. Айшуакова Р.А. - «LauRus» бөбекжайы тәрбиешісі, кеңес мүшесі;
3. Тулеугалиева Н.Е.- «LauRus» бөбекжайы музыка жетекшісі, кеңес мүшесі;
4. Маликова А.С. - «LauRus» бөбекжайы медбикесі, кеңес мүшесі;
5. Тулекова М.А. - «LauRus» бөбекжайы қазақ тілі мұғалімі, кеңес хатшысы.

Шешімі:

- 1.Қамқоршылық кеңес жұмысы жүйелі жүргізілсін.
- 2.Қамқоршылық кеңес туралы ереже басшылыққа алынып, жұмыстар жүргізілсін.
- 3.Қамқоршылық кеңеске сайланған құрам мүшелері қамқоршылық жұмыстарының жүруіне ат

салыссын.

TOO

Т. Тулекова - Бижанова Г.Н.
Тулекова М.А.

